

КЕЛІСІМШАРТ

(онлайн курс әзірлеу және пайдалану туралы)

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР «Абрикос», бұдан әрі – «Тапсырыс беруші», бір тараптан, және сайтта тіркелу кезінде өз деректерін енгізген тұлға, бұдан әрі – «Эксперт», екінші тараптан, бірге «Тараптар», төмендегілер туралы келісімге келді:

1.ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Эксперт өз білімдері негізінде онлайн курс (бұдан әрі – «Курс») әзірлейді.

1.2. Тапсырыс беруші Курсты толық продакшн (түсірілім, монтаж, методология) арқылы дайындайды.

1.3. Курс Тапсырыс берушінің білім беру платформасында орналастырылады.

2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

2.1. Тапсырыс беруші қамтамасыз етеді:

- видео түсірілім (зал, техника, монтаж)
- методолог қызметі
- презентация дайындау (дизайн)
- дайын өнім ретінде курс шығару

2.2. Эксперт міндетті:

- курс контентін ұсыну
- түсірілімге қатысу
- сапалы ақпарат беру

2.3. Эксперт бейнетүсірілім барысында Курстың форматына және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін киім киюге міндетті. Киім негізінен бір түсті, бейтарап немесе қою реңктерде болуы тиіс және кеуде тұсы ашық киім болмауы тиіс.

2.4. Бейнетүсірілімнің күні мен уақыты Тараптардың өзара келісімі бойынша алдын ала белгіленеді. Эксперт белгіленген бейнетүсірілім күні мен уақыты туралы алдын ала хабардар етіледі және өзінің қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Эксперт келісілген бейнетүсірілім күнін және уақытын Тапсырыс берушінің алдын ала келісімінсіз өзгертуге немесе кейінге қалдыруға құқылы

емес. Келісілген уақытта қатысуға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, Эксперт бұл туралы Тапсырыс берушіге мүмкіндігінше ертерек, бірақ бейнетүсірілім басталғанға дейін кемінде 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға міндетті.

2.5. Эксперт бейнетүсірілімге тиісті түрде алдын ала дайындалуға, оның ішінде Курстың мазмұнына сәйкес қажетті материалдар мен ақпаратты дайындауға және Тараптармен алдын ала келісілген уақытта бейнетүсірілімге қатысуға міндетті.

3. ҚҰҚЫҚТАР МЕН ИЕЛІК

3.1. Курсқа құқықтар бірлескен (ортақ авторлық) болып табылады.

3.2. Тапсырыс беруші құқылы:

- Курсты өз платформасында шексіз мерзімге орналастыруға
- Курсты тегін пайдалануға және таратуға
- Маркетинг мақсатында қолдануға (реклама, әлеуметтік желі, база)

3.3. Эксперт құқылы:

- Курсты өз атынан пайдалану
- Басқа платформаларда сату/тарату

3.4. Эксперт Курсты платформадан алып тастауды талап етуге құқылы емес

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

4.1. Осы келісім аясында Тапсырыс беруші барлық шығындарды өз мойнына алады.

4.2. Экспертке бөлек ақы (гонорар) немесе төлем қарастырылмайды.

4.3. Бұл келісім өзара тиімді (бартер/коллаборация) негізінде жүзеге асырылады.

5. ЖАРНАМА ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

5.1. Тапсырыс беруші:

- курс шыққаны туралы 1700-ден астам қатысушыға хабарлайды
- әлеуметтік желілерде жариялайды
- білім базасында орналастырады

5.2. Эксперт өз атын және имиджін пайдалануға келісім береді.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Эксперт ұсынған ақпараттың дұрыстығына өзі жауап береді.

6.2. Үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылған жағдайда жауапкершілік Экспертке жүктеледі.

7. ФОРС-МАЖОР

(стандарт — форс-мажор жағдайлары)

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Даулар келіссөз арқылы шешіледі.

8.2. Шешілмеген жағдайда сот тәртібімен қаралады (ҚР заңнамасына сәйкес).

9. КЕЛІСІМШАРТ МЕРЗІМІ

9.1. Қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

9.2. Міндеттемелер толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

10. РЕКВИЗИТТЕР

Тапсырыс беруші:

ИП «Абрикос» Сабырбеков Бакытбай Аманжолович

Алматы қаласы Алмалы ауданы, Саялы ш.а. 129 үй, 16 пәтер

ЖСН:931018300202

+7 777 025 99 00

hosh.keldin@mail.ru

11. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

11.1. Тараптар Курстың нәтижелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 961, 962, 963-баптарына сәйкес интеллектуалдық меншік объектісі болып табылатынын растайды.

11.2. Курсты пайдалану құқықтары Тапсырыс берушіге

ҚР АҚ 965, 966-баптарына сәйкес шектеусіз беріледі.

11.3. Эксперт осы Келісімге қол қою арқылы Курсты:

- көшіруге
 - таратуға
 - жария көрсетуге
 - интернетте орналастыруға
- мерзімсіз және қайтарымсыз құқық береді (АҚ 972-бап негізінде лицензия).

12. КУРСТЫ АЛЫП ТАСТАУҒА ТЫЙЫМ

12.1. Эксперт Курсты платформада орналастыруды тоқтатуды, өшіруді немесе шектеуді талап етуге құқылы емес.

ҚР АҚ 272-бап – міндеттемелер тиісінше орындалуы тиіс

ҚР АҚ 273-бап – біржақты бас тартуға жол берілмейді

13. БАРТЕРЛЫҚ КЕЛІСІМ (АҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ)

13.1. Осы келісім ақысыз (безвозмездный) сипатта жасалады.

Негіз:

ҚР АҚ 384-бап – шарт еркіндігі

ҚР АҚ 683-бап – ақылы қызмет көрсету, бірақ тараптар өзге шарттарды белгілеуге құқылы

14. ИМИДЖ ЖӘНЕ ЖАРНАМА ҚҰҚЫҚТАРЫ

14.1. Эксперт өзінің аты-жөнін, бейнесін, дауысын маркетинг мақсатында пайдалануға келісім береді.

Негіз:

ҚР АҚ 145-бап – жеке өмір мен бейнені пайдалану келісім арқылы

15. КОНТЕНТ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

15.1. Эксперт ұсынған материалдардың заңдылығына толық жауап береді.

Негіз:

ҚР АҚ 9-бап – азаматтық құқықтарды қорғау

ҚР АҚ 917-бап – зиян келтіру жауапкершілігі

16. БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ШЕКТЕУ (NON-COMPETE LIGHT)

16.1. Эксперт 3 жыл ішінде дәл осы курсқа ұқсас контентті Тапсырыс берушінің тікелей бәсекелестеріне ақысыз негізде бермеуге міндетті.

Негіз:

ҚР АҚ 380-бап – шарт мазмұнын тараптар өздері анықтайды

17. КОНТЕНТТІ КӨШІРУГЕ ТЫЙЫМ

17.1. Эксперт Курсты толық немесе ішінара көшіріп, сол күйінде қайта таратуға құқылы емес (өзгертілген форматтан басқа).

Негіз:

ҚР АҚ 125, 126-баптар – құқықтарды қорғау

18. ШЫҒЫНДАРДЫ ҚОРҒАУ

18.1. Эксперт келісімді бұзған жағдайда Тапсырыс берушінің шығындарын өтеуге міндетті.

Негіз:

ҚР АҚ 350-бап – міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік

19. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АКЦЕПТ

19.1. Осы Келісімшарт Тапсырыс берушінің сайтында орналастырылған оферта болып табылады. Акцепт беру сәтіне дейін Эксперт осы Келісімшартпен толық танысқанын растайды.

19.2. Акцепт жасау арқылы («Келісемін» батырмасын басу, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы растау немесе өзге де электрондық тәсілмен келісім білдіру) Эксперт Келісімшарттың барлық талаптарымен толық және сөзсіз келісетінін растайды.

19.3. Акцепт жасалған сәт сайттың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде тіркеледі және Келісімшарт жасалған болып есептеледі.

